ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ
ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ
Қ. МҰХАМЕДЖАНОВ КӨШЕСІ, 8 үй

АБАЙ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 130340012505
№ 3442
«15» 09 2026 ж.

Мектеп директорларына

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2026 жылғы 16 мамырдағы «Оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын жүзеге асыру, «Абай облысының білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығының 2026 жылғы 07 қыркүйектегі № 01-01/775 хаты негізінде, сондай-ақ «Кітап оқитын ұлт» жобасына қойылған міндеттерді орындау мақсатында 2026-2027 оқу жылы ішінде 6-10 сынып оқушылары арасында **«Кітап оқитын мектеп»** бағыты бойынша республикалық марафоны ұйымдастырылатынын хабарлаймыз.

Тамыз-қыркүйек 2026 жыл: Жобаның басталуы және қатысушыларды reading-nation.kz порталына тіркеу науқаны. **Қыркүйек-2026-наурыз 2027 жыл.** Кітап оқу кезеңі. Қатысушылар 6 ай ішінде 15 кітапты оқып шығады. Осы аралықта **ақпан айында мектепішілік** және **наурыз айының басында қалалық** кезеңдегі тестілеулер мен квиздерді өткізу керек. Наурыз-сәуір 2027 жыл: тестілеу кезеңдерін қорытындылау мектепішілік, қалалық, облыстық квиздер өткізу. Сәуір 2027 жыл:Республикалық ГРАНД-ФИНАЛ . Шешуші сайыстар мен жеңімпаздарды салтанатты марапаттау. Республикаға іріктеуден өту үшін мектепішілік, қалалық, облыстық кезеңдерге қатысу керек. Сондықтан да осы республикалық бастама аясында қазақ және орыс сыныптарындағы 6-10 сынып оқушыларын заманауи танымдық және интеллектуалдық әлем әдебиетін оқуға тарту, оқыған шығарманы түсіну, талдау және өзіндік көзқарасын қалыптастыру мақсатында «7көзқарас - 7 аялдама» облыстық интеллектуалдық байқауы өткізіледі. Осыған орай берілген кітаптар мен тапсырмаларды reading-nation.kz порталынан және ұсынылған Ережеден алуға болады.

Осы орайда, жобаның мектепішілік кезеңінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуын қамтамасыз ету керек.

Марафон ережесінің облыстық кезеңі жұмыс үшін қосымша жолданады.

Бөлім басшысының м.а. **А. Нуралдинов**

Орынд.: Л.Мухаметкалиева
тел.: 8778 654 73 05